



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 12 қыркүйек

Макроэкономикалық модельдеу мәселелері бойынша 2-ші ғылыми-практикалық конференцияны өткізу туралы

2019 жылғы 27 қыркүйекте Алматыда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің макроэкономикалық модельдеу мәселелері бойынша 2-ші ғылыми-практикалық конференциясы өтеді.

Іс-шараға Қазақстан, Ресей, Беларусь орталық банктерінің экономистері, қолданбалы зерттеу институттарының сарапшылары қатысады. Негізгі мақсаттары – сараптамалық қоғамдастықты модельдік техникамен және зерттеулермен, сондай-ақ макроэкономика, ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту саласындағы қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысу.

Конференция нәтижелері бойынша Ұлттық Банк «Экономикалық шолу» басылымының арнайы шығарылымын жариялауды жоспарлап отыр, оған Конференцияда ұсынылған зерттеулер кіреді.

Алдағы Конференция ғылыми пікірталастар, тәжірибе алмасу және түрлі бағыттар бойынша экономикалық және ғылыми зерттеулер саласындағы үздік практикаларды көрсету үшін дәстүрлі алаң болуға тиіс.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 3 302 452 (1452, 5556)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz